

КАСПИЙ ТЕҢІЗІ ТУРАЛЫ АЛҒАШҚЫ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТҮПДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ТЕҢІЗ КАРТАСЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ (I Петр ұйымдастырған экспедициялар негізінде)

Б.Б. Байшов

Т.Ж.Бигелдинов атындағы Өуе қорғанысы күштерінің Әскери институты,
Ақтөбе, Қазақстан
e-mail: dil_123@mail.ru

Андапта: мақалада Каспий теңізінің тарихи атаулары туралы тарихи-географиялық деректердегі мәліметтерге қысқаша тарихнамалық шолу жасалынып, тарихтың әр кезеңіндегі теңіз атауының өзгеріске ұшырауының себептері талданды. Теңіз атауына байланысты ежелгі, орта ғасырлардағы және жаңа замандағы кейбір тарихи-географиялық деректер мен зерттеулер, картографиялық материалдар мен мәліметтер сараланды. Мәселен, Каспий теңізі мәселелері жөніндегі пікірталастар мен тарихи ізденістер ежелгі дүниедегі грек логографтары тұсынан бастап үздіксіз жүргізілгенімен теңіз және теңіз айналасы тарихы оны зерттеген ежелгі және орта ғасырлық ғалымдардың еңбектерінде толық қамтылмады. Жағалауында көптеген ұлт өкілдері мекендейтін теңіз ежелгі дүниеде отырықшылық пен көшпенділік мәдениеттің қиылысқан тұсы болса, кейінгі орта ғасырда «Ұлы жібек жолы» атауын алған дүниежүзілік сауда транзиті бойынан орын тепті. Ал жаңа заманда Каспий бойына иелік ету үшін бесекелестік одан әрі күшейіп, теңіз іс жүзінде Ресей империясының, кейіннен Кеңестер Одағының «жеке» үстемдік ететін географиялық нысанына айналды. Алайда ХХ ғасырдың аяғындағы КСРО державасының ыдырауынан кейін географиялық орналасуы жағынан ыңғайлы әрі қойнауы байлыққа толған теңіз маңызды мәселелердің бірі ретінде тағы да тарих сахнасына шықты. Сол себептен де мақала жазу барысында теңізді ғылыми бағыттағы зерттеудің бастамасын салған I Петр экспедицияларының маңызы мен тарихын зерттеуге баса мән берілді.

Түйін сөздер: Каспий картасы, Каспий теңізі, I Петр, Узбой, А.Бекович-Черкасский.

Кіріспе

Каспий теңізі – әлемдегі ағынсыз тұйық су айдындарының ішіндегі ең ірі тұзды көлдердің бірі. Ауқымының кеңдігі мен суының тұздылығына байланысты ол ежелгі дәуірлерден бері теңіз ретінде қабылданып келгенімен, классикалық теңіздерге тән барлық белгілерге толықтай ие емес. Қазіргі «Каспий» атауы б.з.б. I ғасыр шамасында теңіз маңындағы Кура өзенінің оң жағалауын мекендеген ежелгі каспи тайпаларының атауымен байланыстырылады. Тарихи деректерде көне кезеңдерде Каспий теңізінің Қара теңізбен байланысы болғандығы және Узбой арнасы арқылы Орта Азия суларының осы айдынға құйып отырғандығы жөнінде мәліметтер кездеседі [1, с. 4].

Каспий теңізі алабы бұрынғы Кеңес Одағының еуропалық бөлігінің шамамен 40 пайызын, Кавказ маңындағы кең аумақтарды, Иранның Каспийге жалғасатын өңірлерін, сондай-ақ Қазақ КСР-і мен Түрікмен КСР-інің едәуір бөлігін қамтыды. Географиялық тұрғыдан аталған алап солтүстігінде Солтүстік Двина мен Печора өзендерінің бассейндерімен, солтүстік-шығысында Орал жоталарымен, шығысында Арал теңізі алабымен, оңтүстік-батысында Қара теңіз алабына кіретін өзендер жүйесімен, батысында Дон және Днепр өзендерінің бассейндерімен, ал солтүстік-батысында Нева өзенінің алабымен шектеседі [2, с. 6].

Каспий теңізінің геологиялық қалыптасу тарихы миллиондаған жылдардың терең қатпарларымен сабақтасып жатыр. Ғалымдардың пайымдауынша, шамамен 600–650 миллион жыл бұрын пайда болған алып су айдыны ежелгі кезеңдерде Оңтүстік мұхитпен,

сондай-ақ Арал, Қара және Жерорта теңіздерімен біртұтас жүйе құраған. Солтүстікте Тетис деп аталған көне мұхит қазіргі Қазан өңірінің ендігіне дейін жеткен. Шамамен 50 миллион жыл бұрын Тетис мұхиты Торғай бұғазы арқылы Батыс Сібір теңізімен және Солтүстік мұхитпен жалғасқан кезең болған. Осындай табиғи байланыстардың нәтижесінде қазіргі Каспий аймағында итбалық секілді ерекше жануарлар дүниесі қалыптасты.

Осындай ұлан-ғайыр аумақты қамтитын әрі табиғи әлемі алуан түрлі теңіздің тарихи өткені де аса бай. Каспий теңізінің тарихына, табиғатына және жағалауындағы халықтардың өміріне қатысты көптеген ғылыми зерттеулер жүргізілгенімен, бұл тақырып аясында әлі де терең қарастыруды қажет ететін мәселелер жеткілікті. Солардың қатарына теңіз картасының қалыптасу тарихын және Каспийді ғылыми тұрғыдан зерттеудегі І Петр ұйымдастырған экспедициялардың маңызын айқындау мәселесі жатады.

Мақаланың мақсаты – XVII – XVIII ғасырларда жүргізілген ресейлік зерттеулермен байланыстыра отырып, Каспий теңізі аумағының ғылыми тұрғыдан зерттелу эволюциясын және теңіз картографиясының қалыптасу тарихын қарастыру.

Жалпы, XV ғасырдың аяғында Христофор Колумбтың Америка құрлығын ашуынан басталған еуропалықтардың жаңа жерлерді игеру үрдісі біртіндеп империялық құрылымға айналуға әрекеттенген Ресей мемлекетіне де келгендігі белгілі. Осы бағыттағы империялық саясатын жүзеге асыру үшін Еуропалық державалар секілді алыс бағытта отарлар иемдену жолын ұстанбаған алып мемлекеттің бірі Ресей болатын. Өз заманының ірі саясаткері, Ресейді империяға айналдырған тұлға І Петр тұсында Орыс мемлекетінің отарлар иемдену бағыттарын ғылыми түрде негіздеп, саяси негізде жүру жолдарын айқындап берді. Теңіз туралы мәліметтердің кәсіби картографтардың зерттеулері негізінде ғылыми айналымға көптеп түсе бастауы XVIII ғасырдың алғашқы жартысында Ресей үкіметінің теңізге және оның айналасын мекендеген халықтардың өміріне деген қызығушылықтарын одан әрі арттыра түсті. Сонымен қатар, теңізге жапсарлас орналасқан, державалық амбициялары бар Парсы, Ресей мемлекеттерінің Каспий теңізі бойына өз бақылауларын орнатуға ұмтылыстары заман талабы болатын. Сондықтан да аталған тақырыпты XVIII ғасыр басындағы Ресей мемлекеті тұрғысынан қарастыра отырып, Ұлы Петрдың Каспий теңізін игеруге байланысты ұйымдастырған экспедицияларына, теңіздың тұңғыш картасын жасауға күш салуына сол замандағы Ресей үшін өмірлік қажеттіліктерден туындаған іс-шара болды деп баға беруге болады.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Тақырыпты зерттеу барысында тарихи оқиғалар мен мәліметтерді олардың бір-бірімен байланысты түрде дамығандығына байланысты мәселелерді жүйелік талдау (системный анализ) тұрғысында қарастыруға баса мән берілді. Мәселен, Каспий теңізінің картасын жасақтау мақсатындағы экспедиция жұмыстарының маңыздылығы, Каспийді зерттеудің Ресей үшін қандай қажеттіліктері болды деген сұрақтарды талқылауда жүйелі түрде талдау жүргізу қажеттілігі айқын көрінді. Қарастырып отырған ғылыми ойды, тұжырымдар мен көзқарастарды жүйелі түрде сипаттау мақсатында хронологиялық әдіс те кеңінен пайдаланылды.

Тарихи-салыстырмалы әдісті қолдану нәтижесінде таңдалған мәселелер бойынша түрлі зерттеушілердің мүмкіндік туды және осы арқылы бізге негізделген қорытынды жасауға мүмкіндік туды. Бұдан басқа, аталған әдісті қолдану арқылы тақырыбымызға қажетті дерек көздерін, ежелгі заман, орта ғасырлар мен жаңа тарих кезеңдеріндегі Каспий теңізін зерттеушілердің еңбектерін салыстыра отырып, оларды оңтайлы пайдалануға мүмкіндік туды.

Қазіргі таңдағы отандық тарихымызды зерттеушілердің көбісі секілді бір-бірімен байланысты оқиғаларды талдау мен оларды жеке-жеке бір-бірімен байланыстыра отырып қарастыру мақсатында проблемалық әдісті қолдану зерттеп отырған ғылыми жұмысымыздың ауқымындағы мәселелерді талдап-түсіндіруге үлкен септігін тигізді.

Зерттеуіміздің ерекшелігі – Каспий теңізі картасы теңіз бойын зерттеген экспедициялар туралы еңбектердің көпшілігінің орыс тілінде болуы. Екінші ерекшелік ретінде аталған тақырып негізінде архив құжаттарының тіптен болмауы немесе олардың қолжетімсіз болғандығын айтар едік. Дегенмен де зерттеу материалдарының негізі тарихтың

әр кезеңдеріндегі теңіз атауларынан және Ұлы Петр тұсында жүргізілген экспедиция жұмыстары туралы баспасөз материалдары, монографиялық зерттеу еңбектер мен интернет деректерінен құралды. Олардың қатарындағы әзірбайжан ғалымдары З.М.Буниятов пен Н.М.Велихановтың кеңестік кезеңде жарық көрсе де әлі күнге дейін құндылығын жоймаған «Каспийское море в арабских источниках» мақаласында ортағасырлық араб ғалымдарының теңіз туралы зерттеулеріне сараптама жасалына келе Каспийге Узбой арқылы Амудария өзенінің құйғандығы туралы дерек біздің зерттеу нысанымыз үшін маңызды ақпарат болды [3, с. 129]. Сонымен қатар, теңіз картасының жасалуын тікелей түрде өз зерттеу объектісіне айналдырған теңіз әскери маманы М.И.Ципоруханың «Первая печатная карта Каспийского моря» [4], ресейлік тарихшы-ғалымдар И.В.Курукин [5], М.А.Мирзоев [6], қазақ өлкетанушысы А.Еділханның [7] зерттеулері жұмысымыздың ғылыми мәліметтер базасын құрады.

Зерттеу нәтижелері. Каспий атауының шығуы ежелгі замандағы теңіз жағасын мекендеген каспи (каспилер) тайпасымен байланысты. Мәселен, 2006 жылы жарық көрген «Қазақстан тарихы» анықтамалығында берілген түсіндірмеде: «Каспилер – Каспий теңізі жағалауын қоныстанған ежелгі сақ тайпаларының бірі. «Каспий» атауы алғаш Геродоттың «Тарих» аталатын шығармасында кездеседі (б.з.б. V ғ.)... Кейін (б.з.б. I ғасырға дейін) Каспилер мидия, албан, ғұн, түркі т.б. тайпалармен араласып кеткен. Каспийлердің атынан Каспий теңізінің, Кавказ (Қапқас) тауының және ежелгі Әзірбайжанның Каспиана облысының атауы шыққан. Ежелгі дәуір авторларының (Геродот, Страбон, Клавдий, Птолемей) деректері бойынша, Каспилер б.з.б. I мыңжылдықтың соңына дейін қазіргі Каспий теңізінің оңтүстік-батыс және батыс жағалауын қоныстанған», - деп көрсетілген [8].

Каспий теңізі туралы деректер ежелгі дүние кезеңінен бері көптеген саяхатшылар мен зерттеушілердің еңбектерінде кездескенімен, олардың әрқайсысы теңіздің атауы мен оған құятын су көздері, айналасын мекен еткен халықтар туралы мәліметтерді әртүрлі жазып қалдырған. Бұл мәселе осы кезге дейін ішінара қарастырылғанымен, посткеңестік тарих ғылымында арнайы зерттеу нысаны ретінде алынбаған тың тақырып. Бұның негізгі себептеріне Каспий теңізінің атауына қатысты жазылған еңбектердің дерекнамасы мен тарихнамасының толық жүйеленбегендігі, тарихи деректерде берілетін мәліметтердің қарама-қайшылығы, теңіз аумағы туралы ғылыми негізделген картаның XVIII ғасырдың алғашқы ширегіне дейін болмағандығын және т.б. жатқызуға болады.

Каспий теңізі жағалауында бір-бірін ауыстырып отырған, әртүрлі дінді ұстанған, түрлі тілдегі халықтардың болуы теңіз атауының өзгеріп тұруына әсер етті. Теңіз Каспий жағалауында орналасқан мемлекеттер, князьдықтар, хандықтар мен қалалардың атауларын өзіне «мұраға» алып қалып отырды. Кейде дұрыс айтылмаған немесе бұрынғы атаулардың дұрыс жазылмауынан да көптеген жеке атаулар пайда болғандықтан, тарихи дерек көздерінде қайшылықты мәліметтер кездесіп отырады.

Ежелгі және ортағасырлық түпдеректерде Каспий теңізінің пішіні мен орналасуы нақты көрсетілмеді. Қайта өрлеу дәуіріне дейін географтардың Жер құрылысы туралы түсініктері толық қалыптаспағандықтан, карталарда теңіздің шынайы бейнесі дәл берілмеді. Кейбір карталарда Каспий дөңгелек, енді бірінде батыстан шығысқа қарай созылықты түрде көрсетілді. Тек XVII ғасырдың соңында ғана ол солтүстіктен оңтүстікке созылған тұйық су алабы ретінде бейнелене бастады.

Ғалымдардың бір бөлігі Каспийді тұйық теңіз деп есептесе, енді біреулері оны мұхит шығанағы ретінде қарастырды. Кейбір зерттеушілер тіпті екі Каспий теңізі бар деген пікір ұстанды. Уақыт өте келе географиялық мәліметтердің көбеюі нәтижесінде Каспий карталарда жеке тұйық алап ретінде нақтырақ көрсетіле бастады. Бұл көзқарастың қалыптасуына Геродот пен Птолемей еңбектері ықпал етті. Н.М. Книповичтің пікірінше, Еуропа карталарында Каспийдің мұхитпен байланысы туралы түсінік тек XIII ғасырда ғана толық жойылған.

Каспий теңізі туралы алғашқы мағлұматтардың бірі көнеирандық қасиетті кітап – «Авестада» берілді. Онда, осыдан үш мың жыл бұрынғы Каспий теңізі Ворукаш (мағ. «шығанағы кең теңіз») деген атаумен берілген. Алайда ақпараттың толық болмауы аталған

гидронимді Каспийге сенімді түрде қолдануымызға мүмкіндік бермейді. Кейбір тұспалдаулар бойынша, Ворукаш атауы Арал теңізі немесе Балхаш көлінің де атауы болуы мүмкін делінгенімен Каспий теңізінің Иранға жақын орналасуы және оның жағалауында Қарабұғаз, Маңғыстау секілді ауқымы жағынан үлкен түбектердің болуы бір жағынан Ворукаш атауының Каспийге байланысты айтылғандығына дәлел болады. Каспий теңізі туралы алғашқы мәліметтер антикалық дәуір авторларының еңбектерінде-ақ кездеседі. Ежелгі грек ақыны Гомер (б.з.б. XII – VII ғ.ғ.) Жерді дүниежүзілік мұхит қоршаған дөңгелек кеңістік ретінде сипаттап, шығыс бөлігінде «Күн тоғаны» деп аталған су айдынын көрсеткен. Зерттеушілер бұл атауды Каспий теңізімен байланыстырады.

Гомерден шамамен бес ғасыр кейін өмір сүрген Милеттік Гекатей өз еңбегінде Каспийді «Гиркан теңізі» атауымен берген [6, с. 5-6]. Ал Геродот «Тарих» еңбегінде Каспийді ешқандай теңізбен жалғаспайтын тұйық су айдыны ретінде сипаттап, оның көлемі мен Кавказ тауларымен шектесетіндігін атап көрсеткен [9 с. 75-76]. Осы арқылы Геродот Каспийдің мұхиттардан оқшау орналасқандығына назар аударды.

Б.з.б. II ғасырда өмір сүрген Клавдий Птолемейдің картасында да Каспий «Гиркан» атауымен белгіленіп, тұйық су алабы ретінде көрсетілді. Тарихи кезеңдерде Каспий теңізі әртүрлі халықтар тарапынан түрліше аталды. Антикалық дәуірде ол Гиркан теңізі деп белгілі болса, ортағасырлық араб географтары оны Хорасан теңізі деп атады. Түркі халықтары арасында Ақ теңіз, Көккөз, Айдархан теңізі және Құзғын теңіз секілді атаулар қолданылды [10].

Белгілі шығыстанушы В.В.Бартольдтің «Работы по исторической географии» еңбегіндегі «Бахр-ал-хазар» атты Каспий теңізіне арналған бөлімінде біздің қарастырып отырған мәселемізге байланысты: «Бахр ал-хазар» («Хазар теңізі», парсыша – «Дарйâ-и-хазарân») атауымен араб географтарының басым көпшілігі Каспий теңізін атаған. Бұл атау араб географиялық әдебиетінің гүлденген кезеңінде – IV/X ғасырларда – Еділ өзенінің сағасына жақын орналасқан маңызды сауда қаласы Итильмен бірге осы теңіздің солтүстік жағалауын иеленген хазар халқымен байланысты болды. Кей жағдайда бұл атау Меотидамен бірге Қара теңізге қатысты да қолданылды (Ибн Хордадбех, Қудама және Мас'уди еңбектерінде). Мұның себебі хазар билігінің Қырым түбегінің бір бөлігіне дейін таралуымен түсіндіріледі. Мұсылман әлемінен тыс жерлерде бұл атау кең таралмаған тәрізді. Көне орыс деректеріндегі «Хвалым теңізі» («Хвалис», «Хвалын») атауы сөзсіз Хорезм мемлекетінің атауымен байланыстырылады, дегенмен араб және парсы авторлары «Хорезм көлі» немесе «Хорезм теңізі» атауын тек Арал теңізіне қатысты қолданған.

Мұсылмандық әдебиеттерде Каспий теңізі оның жағалауындағы аймақтардың атауларымен де белгілі болды. Атап айтқанда, «Журжан теңізі» (ежелгі «Гиркан теңізіне» сәйкес келеді), «Абескун теңізі» (Гүрген өзенінің сағасындағы портты қала атауымен байланысты), «Табаристан теңізі» («Мазендеран теңізі»), «Дейлем теңізі», «Гилян теңізі» атаулары қолданылған. Кейінірек, моңғол үстемдігі кезеңінен бастап «Ширван теңізі» және «Баку теңізі» атаулары да таралды. Соңғысы мен қатар «Сарай теңізі» атауы ортағасырлық еуропалық түпдеректерде де кездеседі. Негізінен Қызыл теңізге қатысты айтылатын «Бахр ал-Кульзум» атауы да кей жағдайларда Каспий теңізіне қолданылған. Ал түрік әдебиетінде «Бахр-и гузз» (түрікмендер мен османдардың арғы тегі саналатын көшпелі гуз халқының атауымен байланысты) және «Ақ-Дениз» атаулары ұшырасады,- делінген [11, с. 367].

XV ғасырдағы орыс саяхатшысы А.Никитин теңізге Дербент атауын берсе, осы тұста түрікмендер Каспийді Кеккюз деп атаған. Аталған кезеңде, Орталық Азияда Каспийді «Айдархан теңізі» (Астрахань теңізі) немесе «Құзғын теңіз» («қарға» сөзімен байланысты) деп атау қабылданған. Ал Мұхаммед Хайдар Дулати (XVI ғ.), өз еңбектерінде Каспийді Кулзум теңізі деген атаумен жазады [12, 558-б].

Каспий теңізінің картографиялық мәселелері, теңіз туралы тарихи түсініктер және оның жағалауының тарихи географиясын зерттеу бағытында көптеген ғылыми еңбектер жазылғаны белгілі. Теңіз бен оның маңындағы халықтардың өмірі, тұрмыс-тіршілігі және тарихын зерттеуге деген қызығушылықтың бастауын ежелгі грек картографтарының еңбектерінен көруге болады. Дегенмен Каспий теңізінің табиғи сипаты мен географиялық

ерекшеліктеріне қатысты негізгі әрі құнды мәліметтердің жүйелі түрде жинақталуы орта ғасырлар кезеңінен басталады. Мәселен, араб саяхатшысы Абу-Исхак Ибрахим ибн Мұхаммед әл-Фариси әл-Истахри 951 жылы жарық көрген «Китабу месалик-ил-мемалик» («Жолдар мен мемлекеттер кітабы») еңбегінде Каспий теңізі төңірегіндегі Кура, Расу (Яик, Йем) өзендері, Табаристан, Журжан (Хорасан провинциялары), Сияхкух (Қаратау–Маңғыстау) секілді жер атауларына сипаттама беріп, «Хазар теңізінің» (Каспий теңізі) картасын жасаған. [13, 182-183-бб]

Каспий теңізінің картасын 1367 жылы белгілі саяхатшылар Франциск және Доминик Пицигано ағайындылары да жасаған. Ал 1558 жылы зерттеуші-теңізші Э.Дженкинсон Каспий маңы жағалауымен танысуы барысында былай деп жазады: «21 тамыз күні біз ені б лига болатын шығанақтың жанынан өтіп, оңтүстік-шығыс бөлігінде теңізден анық көрінетін екі аралы бар мүйіске жеттік. Осы мүйістен кейін жағалау солтүстік-шығысқа қарай бұрылып, оған Эмба (Yem) атты үлкен өзен құятын тағы бір шығанақты қалыптастырады». Сонымен қатар 1459 жылы венециялық монах Фра Мауро Маңғышлақ түбегінің егжей-тегжейлі картасын жасаған [7, с. 4].

Орыс теңізшілері IX – X ғасырлардың өзінде-ақ Каспий теңізінде еркін жүзген. Араб және парсы тарихшылары сол кезеңдерде орыстардың Каспий арқылы Иран жағалауларына дейін барғандығын жазады. XV ғасырда өмір сүрген белгілі орыс саяхатшысы Афанасий Никитиннің «Үш теңіздің арғы жағына саяхат» атты еңбегінде аталған үш теңіздің бірі ретінде Каспий теңізі көрсетіледі. Саяхат барысында А.Никитин Дербент, Шемаха және Баку қалаларында болып, одан әрі Иран мен Үндістанға сапар шеккен. Осы сапары кезінде ол Каспий теңізінің табиғаты мен оның жағалауында өмір сүрген халықтар жөнінде құнды мәліметтер жинақтады. XVI ғасырдан бастап Иван Грозный Қазан және Астрахан хандықтарын Ресей құрамына қосқаннан кейін орыс дипломаттары Каспий теңізі арқылы Иранға, Хиуа мен Бұхараға қатынай бастады. Сонымен бірге орыс көпестері Каспийдің шығыс жағалауына барып, түркмендермен сауда байланыстарын жүргізді. Сол кезеңдегі негізгі сауда орталығы Маңғышлақ түбегіндегі Түпқараған порты болды. Осылайша Ресейдің Каспий теңізін зерттеуі орта ғасырлардың өзінде басталғандығын көруге болады [14, с. 43].

XVI ғасырдың ортасынан бастап Мәскеу мемлекеті Каспийдің солтүстік жағалауын жүйелі түрде зерттеп, игеру ісін қолға алды. Патша жарлығымен 1627 жылы орыс сызба материалдарының негізінде «Үлкен сызба кітабы» («Книга Большому Чертежу») құрастырылды. Бұл еңбек Еуразияның тарихи географиясын зерттеу тұрғысынан маңызды мәліметтер береді. Кітапта Хвалын теңізі (Каспий теңізі), Көк теңіз (Арал теңізі) көрсетіліп, географиялық нысандар арасындағы қашықтықтар мен Жайық өзені туралы мәліметтер берілген. Сондай-ақ онда Яик өзенінің «Хвалым теңізіне» (Каспий теңізіне) құятындығы атап көрсетіледі [15, 1439-1450-pp].

Каспий теңізінің Ресей үшін тарихи-саяси маңызға ие бола бастауы XVIII ғасырдың басындағы I Петрдің парсы жорықтарымен тұспа-тұс келді. Мұндай қызығушылықтың қалыптасуын бірнеше фактормен түсіндіруге болады. Осы кезеңде Ресей империялық дәрежеге көтеріліп, жаңа жерлер мен отарлық аймақтарды иеленуге ұмтылды. Әсіресе Орта Азия мен Кавказ өңірлері Ресейдің ықпалын кеңейтуге қолайлы стратегиялық аймақ ретінде бағаланды.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру жолында I Петр Каспий маңындағы саяси үстемдікке ұмтылған қуатты мемлекеттердің бірі – Парсымен келісімдер жасауға ерекше мән берді. Нәтижесінде XVIII – XIX ғасырларда Ресей мен Парсы арасында бірнеше келісім-шарттар мен трактаттар қабылданды. Олардың қатарына 1723 жылғы Петербург, 1729 жылғы Решт, 1813 жылғы Гюлистан және 1828 жылғы Түркменшай келісімдері жатады. Алайда аталған құжаттардың ешқайсысында Каспий теңізінің «теңіз» немесе «көл» ретіндегі құқықтық мәртебесі нақты көрсетілмеді. Сонымен қатар теңіз шекарасы белгіленбей, Каспийге ортақ су айдыны ретінде қарау ұстанымы қалыптасты.

Орыс-парсы трактаттарының нәтижесінде Ресей империясы Каспий теңізінде әскери флотты тұрақты түрде ұстау құқығына ие болды, ал Персияға тек сауда кемелерін жүргізуге ғана рұқсат берілді [16, 246-251-бб, 247-б].

Осы айтылған жағдайларға байланысты Ресей империясы Каспий өңіріндегі позициясын бекемдеудегі алғашқы қадамдарын жүзеге асыруға бел шеше кірісті. ХҮІІ ғасырда (1607 ж.) Азиядағы Үндістан жерін отарлауды бастаған Ұлыбритания империясы біртіндеп өз назарын Орта Азия мен Кавказ өңіріне сала бастайтындығы аян еді. Сонымен қатар, осы тұста әскери-техникалық жағынан қарқынды даму үстіндегі Еуропа мемлекеттері мыңдаған шақырым қашықтықтағы елдерді жаулап, өз отарына айналдырып жатты. І Петрдің елді еуропалық үлгіде дамытуды көздеген түрлі саладағы реформалары нәтижесінде империялық дәрежеге көтерілген Ресей де сыртқы саясатында Еуропа державалары секілді отаршылдық саясатын қарқынды түрде жүзеге асыруға кірісті. Осы жолда Ресейдің алғашқы отарлаушылық шеңгеліне іргелес жатқан, әскери күші жағынан әлі де ортағасырлық деңгейдегі Кавказ елдері мен Орта Азия хандықтары ілігетіндігі анық болды. Ал Кавказ және Орта Азия мемлекеттерінің басым бөлігі Каспий теңізін қоршай орналасқандықтан орналасқандықтан, отаршылдық аясына Каспий теңізінің де ілігетіндігі айқын болатын.

Осы кезеңнен бастап орыс ғалымдары мен саяхатшыларының ғылыми зерттеу мақсатында ұйымдастырған экспедициялары өз жұмыстары барысында теңізге арнайы сипаттамалар бере отырып, жанама түрде болса да теңіз мәртебесін айқындауға көмектерін тигізіп отырды.

1722 жылдың қараша айында І Петр Астрахан қаласында әскери порт салу туралы жарлық шығарды. Біздің пікірімізше, дәл осы жарлық Каспий теңізіндегі әскери экспансияның құқықтық негізін қалыптастырды. 1723 жылы орыс әскерлері парсылардың Решт қаласын басып алғаннан кейін Парсы мемлекеті өзін жеңілген тарап ретінде мойындауға мәжбүр болды.

1723 жылғы 12 қыркүйектегі Петербург трактаты бойынша Парсы Ресейге Дербент, Баку қалаларын, сондай-ақ Гилян, Мазендеран және Астрабад провинцияларын берді. Осы арқылы Парсы Каспий теңізіндегі әскери кеме қатынасы мәселесінде Ресейдің үстем жағдайын іс жүзінде мойындады [17, pp.17-18].

Біз қарастырып отырған Каспий теңізінің толық әрі нақты карталары тек А.Бекович-Черкасскийдің (1715 ж.), К.Верден мен Ф.Саймоновтың (1720 ж.) экспедициялық зерттеулерінен кейін ғана жасала бастады. ХVІІІ ғасырдың аяғында еуропалық үлгідегі қуатты империяға айналу бағытын ұстанған Ресей мемлекеті Каспий теңізін зерттеуге ерекше назар аударды. Осы кезеңде І Петр өз билігінің алғашқы жылдарында-ақ әкесі Алексей Михайловичтің Каспий теңізі арқылы кеме және навигациялық жолдар ашу жөніндегі жоспарын жүзеге асыруға ұмтылып, мұның Орта Азия мен Иранға баратын жолды кеңейтетініне сенім білдірді.

Каспий теңізінің жалпы картасын жасау мақсатында І Петр 1699 жылы капитан Е.Мейерді арнайы тапсырмамен жібереді. Ол бұл жұмысты 1703 жылы аяқтағанымен, карта жарияланбады. Ал Е.Мейердің өзі 1705 жылы Астрахандағы атқыштар көтерілісі кезінде қаза тапты. Болжам бойынша, оның жасаған сипаттамалары патша талабына сай дәл әрі сенімді навигация жүргізуге жеткіліксіз деп танылған. Соған қарамастан Мейердің еңбегі Еуропада белгілі болып, сол кезеңдегі картография ғылымының дамуына белгілі бір деңгейде ықпал етті. Академик Л.С.Бергтің пікірінше, ХVІІІ ғасыр атластарында Каспий теңізінің кескіні «1715 және 1719 – 1720 жылдардағы түсірілімдерге дейін-ақ анағұрлым дұрыс сипат ала бастаған».

1714 жылы Маңғышлақ түбегінен Астрахан арқылы Петербургке келген түркмен Қожа Нефес І Петрге көне замандарда Әмудария өзенінің Каспий теңізіне құйғанын, кейін хиуалықтардың өзен ағысын бөгет арқылы өзгерткенін жеткізген. Оның айтуынша, бөгет бұзылса, өзен қайтадан бұрынғы арнасына түсетін еді. Қожа Нефес патшаның күші арқылы суды қайтадан түркмендердің қуаң жерлеріне жеткізуге болады деп үміттенген. Алайда І Петр үшін Орта Азиядағы ірі өзен ағысын өзгерту ең алдымен Үндістанға кедергісіз қатынас орнату мүмкіндігі ретінде қарастырылды. Себебі ХVІ – ХVІІ ғасырлардағы еуропалық карталарда Әмудария Каспийге құятын өзен ретінде көрсетілген болатын [5].

1714 жылдың мамырында І Петр Преображен полкының капитан-поручигі А.Бекович-Черкасскийге Каспий теңізінің шығыс жағалауының жаңа картасын жасауды және онда

Әмудария өзенінің сағасын дәл белгілеуді тапсырды. Сол кезеңдегі көптеген географтар Әмудария Каспийге құяды деп есептеген болатын. 1714 жылдың 1 қыркүйегінде Астраханнан жіберілген хабарламада Бекович-Черкасскийдің жергілікті тұрғындардан Дария өзені туралы мәліметтер жинағаны айтылады. Онда Әмударияның Үндістаннан бастау алып, Бұхара мен Хиуа жерлері арқылы ағып, Арал теңізіне құятындығы, ал Арал теңізінің Каспийден шамамен 14 күндік қашықтықта орналасқаны көрсетілген. Кейбір адамдар Аралдан Каспийге өтетін шағын арна бар екенін айтқанымен, оны өз көзімен көрген адам табылмағаны баяндалады.

Азиялық билеушілер бұл жорықтың сауда немесе дипломатиялық мақсаттан гөрі әскери сипаттағы әрекет екенін жақсы түсінді. Нәтижесінде орыс экспедициясы сәтсіздікке ұшырады. I Петрдің тапсырмасы бойынша Черкасскийге алтын кендерін іздеу, Үндістанға апаратын жолды барлау және жергілікті билеушілермен Орта Азия арқылы Үндістанға қатынауға мүмкіндік беретін келісім жасау міндеті жүктелді. Алайда Орта Азия билеушілері бұл әрекеттің шын мәнінде отаршылдық бағыттағы әскери жорық екенін аңғарды [18]

Жалпы алғанда, Бекович-Черкасскийдің 1714 – 1715 жылдардағы экспедициясы барысында Каспий теңізінің солтүстік және шығыс жағалауларына сипаттама беріліп, жергілікті халықтан жиналған мәліметтер арқылы Әмудария өзенінің бұрын Каспийге құйғаны, ал зерттеліп отырған кезеңде тек Арал теңізіне бағытталғаны нақтыланды [4].

1717 жылы I Петр Франция астанасына барып, сол елдің көптеген белгілі ғалымдарымен кездесулер өткізді. 17 маусымда оның корольдік географ Г.Делильмен алғашқы кездесуі өтті. Патша оған Каспий және Азов теңіздеріндегі зерттеулер негізінде дайындалған екі қолжазба картаны көрсетті. Осы кездесуде Делиль Әмудария өзенінің Каспийге құймайтынын алғаш рет біліп, мұны күтпеген жаңалық ретінде қабылдады. Кейін ол I Петрмен әңгімесін еске ала отырып, теңіздің нақты көлемі мен пішінін анықтау жұмыстарының маңыздылығына ерекше тоқталған. Делильдің жазбасында Каспийдің шығыс бөлігінде өте тұзды шағын теңіз туралы, сондай-ақ оңтүстікке қарай ағатын өзеннің Каспийге құймайтыны жөнінде мәлімет берілген. Бұл деректер патшаның оған Қара-Боғаз-Гол шығанағы мен Әмударияның көне арнасы туралы ақпарат жеткізгенін көрсетеді.

1715 жылғы Бекович-Черкасский экспедициясының Хиуа хандығы тарапынан жойылып, сәтсіз аяқталғанына қарамастан, I Петр Каспий теңізін зерттеу жұмыстарын тоқтатпады. 1719 жылы ол голланд текті орыс флотының офицері Карл Верденге Каспий теңізінің батыс бөлігін Еділ өзенінің сағасынан Астрабадқа дейін, одан әрі Кура өзеніне дейін картаға түсіруді тапсырды. Сонымен қатар бұрын зерттелген шығыс жағалаудың сипаттамаларын қайта тексеру арқылы Каспий теңізінің толық картасын жасау міндеті қойылды.

Г.Ф.Миллердің 1765 жылғы еңбегінде бұл экспедиция туралы Федор Соймоновтың 1719 жылғы 8 қаңтарда аталған комиссия құрамына енгізілгені, оның бірнеше жыл бойы императордың бақылауындағы әскери кемеде қызмет атқарғаны және сенімділігі мен шеберлігі үшін патша мақтауына ие болғаны баяндалады. Сондай-ақ Дорошенко мен Золотарев бастаған офицерлер тобының қатысуымен Каспий теңізінің батыс жағалауын картаға түсіру жұмыстары Кура өзеніне дейін, кейін Астрабад шығанағына дейін жалғасқаны көрсетілген

1719 жылы I Петрдің тікелей тапсырмасымен Каспий теңізінің картасын жасау мақсатында арнайы ғылыми экспедиция ұйымдастырылды. Экспедицияны капитан-лейтенант Карл ван Верден басқарды. Оның құрамында лейтенант Ф.Соймонов, кіші лейтенанттар П.Дорошенко, Г.Золотарев және басқа да офицерлер болды. 1720 жылдың күзінде картографиялық жұмыстар толық аяқталып, карта мысқа қашалып басылды. Кейін бұл еңбек картография тарихында «Ван Верден картасы» деген атаумен белгілі болды.

1721 жылдың басында кітапханашы И.Д.Шумахер патшаның арнайы тапсырмасымен Еуропаға жіберілді. Оған Париж ғылым академиясына барып, I Петрдің хаты мен Каспий теңізінің жаңа картасын тапсыру жүктелді. Кейін Шумахер француз ғалымдарының бұл сыйлыққа ерекше таңданыспен қарағанын еске алады. Оның айтуынша, картада Каспий

теңізінің пішіні сол кездегі географтардың көзқарасына мүлде сәйкес келмегендіктен, ғалымдардың бәрі қатты таң қалған [19].

Қорытынды. Каспий теңізінің картографиясы, теңіз атаулары және карталарының қалыптасу тарихы ежелгі дәуірлерден бастау алғанымен, оның ғылыми сипатта, жүйелі әрі мемлекеттік деңгейде зерттеле бастауы XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басына сәйкес келеді. Құпиясы мол теңіз тарихына деген қызығушылық ежелгі грек зерттеушілерінен басталып, кейін ортағасырлық араб, иран және түркі тектес халықтар ғалымдарының еңбектерінде жалғасын тапты. Дегенмен осы кезеңдерде Каспий теңізінің тарихы толық әрі жүйелі түрде зерттелмеді.

Патшалық Ресейге дейінгі кезеңдегі Каспий тарихын зерттеген авторлар теңіз туралы мәліметтерді әртүрлі әдістер мен мақсаттар негізінде қарастырды деп қорытынды жасауға болады. Мәселен, грек тарихшылары Геродот, Птолемей, Эратосфен, Страбон және басқалары Каспий теңізі жөніндегі мәліметтерді теңіз маңына сапар шеккен адамдардың, соның ішінде соғыс тұтқындарының, құлдардың, саудагерлердің және түрлі әңгімелер жеткізушілердің сөздері арқылы жинақтады. Осы ауызша деректер негізінде олар Каспий теңізі туралы жазбалар қалдырып, өз таным-түсініктеріне сүйене отырып карталар жасаған.

Грек ғалымдарының Каспий туралы мәліметтер алуына Ежелгі Қытайдан Италияға дейін созылған Ұлы Жібек жолының да ықпалы болғаны анық. Бұған Геродот еңбегіндегі Каспийге қатысты бөлімнің «кейбір адамдардың айтуы бойынша» деген мазмұнда басталуы [10, с. 75], сондай-ақ Эратосфен мен Страбонның Каспийді Солтүстік теңіздің шығанағы ретінде қате сипаттауы дәлел бола алады [10, с. 490].

Жаңа заманнан бастап (XVII ғ. ортасы) Каспий тарихын зерттеу өзгеше сипат алды. Аталған кезеңде әлемдегі ұлы географиялық ашылулардан кейін басталған жаңа жерлерді отарлауға байланысты жаңадан бойы көтеріп келе жатқан орыс мемлекеті де айналасындағы елдерді өз патшалығына қосып алу, жаңа жерлерді игеру жұмыстарымен қарқынды түрде айналысты. Бұл бағытта жүргізілген іс-әрекеттердің нәтижесі XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде Ұлы Петрдың тұсындағы Каспий теңізі арналған картаны жасақтаумен және Ресей мемлекетінің Каспийге өз ықпалын толық орнатуымен аяқталды.

Осылайша, Каспий теңізі XVIII ғасыр басындағы I Петрдің теңізді зерттеуге көңіл бөлгендігінің нәтижесінде ғана ресейлік жазба мәліметтері мен картографиялық материалдарға тұңғыш рет түсіріліп, ғылыми түрде негізделді. Осы кезеңнен бастап теңізді жоспарлы әрі кешенді түрде зерттеу жүргізіле бастайды. Сондықтан да I Петрді теңіз тарихын ғылыми түрде зерттеушілердің басында тұрған тұлға ретінде мойындау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Касымов А.Г. Каспийское море. – Л.: Гидрометеоздат, 1987. – 152 с.
2. Гюль К.К. Каспийское море. – Баку: Азербайджанское государственное издательство нефтяной и научно-технической литературы, 1956. – 327 с.
3. Буниятов З.М., Велиханов Н.М. Каспийское море в арабских источниках // Изв. Акад. наук Азербайджанской ССР. Сер. истории, философии и права. – 1988. – № 2. – С. 128-138.
4. Ципоруха М.И. Первая печатная карта Каспийского моря // Библиотека Украины (ELIBRARY.COM.UA). – URL: <https://elibrary.com.ua/m/articles/view/> (дата обращения: 07.02.2020).
5. Курукин И.В. Персидский поход Петра Великого: низовой корпус на берегах Каспия (1722–1735). – М.: Квадрига; Объед. ред. МВД России, 2010. – 375 с.
6. Мирзоев М.А. Имена на картах Каспия (из истории изучения и освоения). – 2-е изд., перераб. и доп. – СПб.: Недра, 1992. – 183 с.
7. Едилхан А. Историческая география Мангистау // Огни Мангистау. – 2007. – 3 апреля.
8. Қазақстан тарихы: анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd., 2006. – 314 б.

9. Геродот. История в девяти книгах / пер. и примеч. Г.А. Стратановского. – Л.: Наука, 1972. – 600 с.
10. Никонов В.А. Краткий топонимический словарь. – М.: Мысль, 1966. – 509 с.
11. Бартольд В.В. Работы по исторической географии / подгот. к изд. О.Г. Большаковым; отв. ред. А.М. Беленицкий. – М.: Вост. лит., 2002. – 711 с.
12. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы: М.Х. Дулати қоғамдық қоры, 2003. – 616 б.
13. Көмеков Б.Е., Ильясова З.С. Иақұттың «Му‘джам әл-булдан» (XIII ғ.) жағрафиялық жинағы – Қазақстанның ортағасырлар тарихының дерегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 245 б.
14. Карты территории Азербайджана и их изменения за период 1813–1970 гг.: статьи. – Баку, 2007. – 224 с.
15. Shayakhmetov N.U., Mominova G.T., Omirbekova J.M., Maibalaeva A.A. Kazakh Steppe as a Historical Geographic Phenomenon in the Works of Russian Scientists of the XVIII century // *Bylye Gody*. – 2019. – Vol. 54, Is. 4. – P. 1439–1450.
16. Байшов Б.Б. Каспий теңізінің халықаралық-құқықтық мәртебесін айқындау мысалында // Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың стратегиясы – өңірлік экономиканың драйвері: ғылыми-практикалық конференцияның ғылыми еңбек жинағы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2018. – 1-том. – 246–251-бб.
17. Mamedov R.F. International Legal Status of the Caspian Sea: yesterday, today, tomorrow. – Baku: Azerneshr, 2006. – 456 p.
18. Анисимов Е. Сказ про то, как царь Петр Азию недооценил // *Fergana.site*. – URL: <https://fergana.site/articles/112790/> (дата обращения: 11.05.2021).
19. Петр Первый стал академиком еще до основания Академии наук в России // *Родина*. – 2018. – № 1 (118). – URL: <https://rg.ru/2018/01/17/rodina-petr1.html>

REFERENCES

1. Kasymov A.G. (1987) *Kaspiyskoe more* [The Caspian Sea]. Leningrad: Gidrometeoizdat. (In Russian)
2. Gyul K.K. (1956) *Kaspiyskoe more* [The Caspian Sea]. Baku: Azerbaydzhanskoe gos. izd-vo neftyanoy i nauchno-tekhnicheskoy lit. (In Russian)
3. Buniyatov Z.M., Velikhanov N.M. (1988) *Kaspiyskoe more v arabskikh istochnikakh* [The Caspian Sea in Arab sources]. *Izv. Akad. nauk Azerbaydzhanskoy SSR. Ser. istorii, filosofii i prava*, No. 2, pp. 128–138. (In Russian)
4. Tsiporuha M.I. (2014) *Pervaya pechatnaya karta Kaspiyskogo morya* [The first printed map of the Caspian Sea]. *Biblioteka Ukrainy (ELIBRARY.COM.UA)*. Retrieved February 7, 2020, from <https://elibrary.com.ua/m/articles/view/> (In Russian)
5. Kurukin I.V. (2010) *Persidskiy pokhod Petra Velikogo: nizovoy korpus na beregakh Kaspiya (1722–1735)* [The Persian campaign of Peter the Great: the lower corps on the shores of the Caspian]. Moscow: Kvadriga. (In Russian)
6. Mirzoev M.A. (1992) *Imena na kartakh Kaspiya (iz istorii izucheniya i osvoeniya)* [Names on the maps of the Caspian: from the history of exploration]. 2nd ed. St. Petersburg: Nedra. (In Russian)
7. Edilkhan A. (2007) *Istoricheskaya geografiya Mangistau* [Historical geography of Mangistau]. *Ogni Mangistau*, April 3. (In Russian)
8. *Qazaqstan tarihy: aniqtamalyq* [History of Kazakhstan: a reference book] (2006). Almaty: Aruna Ltd. (In Kazakh)
9. Gerodot (1972) *Istoriya v devyati knigakh* [History in nine books] (transl. G.A. Stratanovsky). Leningrad: Nauka. (In Russian)
10. Nikonov V.A. (1966) *Kratkiy toponimicheskiy slovar'* [A concise toponymic dictionary]. Moscow: Mysl'. (In Russian)

11. Bartold V.V. (2002) *Raboty po istoricheskoy geografii* [Works on historical geography] (ed. O.G. Bolshakov). Moscow: Vost. lit. (In Russian)
12. Dulati M.Kh. (2003) *Tarikh-i Rashidi*. Almaty: M.Kh. Dulati qoghamdyq qory. (In Kazakh)
13. Komekov B.E., Piyasova Z.S. (2011) *Iaqtutyn «Mu'dzham al-buldan» (XIII g.) zhagrafiyalıyq zhinagy – Qazaqstannyn ortaǵasyrlary tarihnyn deregi* [Yaqut's geographical collection "Mu'jam al-Buldan" as a source of medieval history of Kazakhstan]. Almaty: Qazaq universiteti. (In Kazakh)
14. Karty territorii Azerbaydzhana i ikh izmeneniya za period 1813–1970 gg.: stat'i [Maps of the territory of Azerbaijan and their changes 1813–1970: articles] (2007). Baku. (In Russian)
15. Shayakhmetov N.U., Mominova G.T., Omirbekova J.M., Maibalaeva A.A. (2019) Kazakh Steppe as a Historical Geographic Phenomenon in the Works of Russian Scientists of the XVIII century. *Bylye Gody*, Vol. 54, Is. 4, pp. 1439–1450.
16. Bayshov B.B. (2018) Kaspiy tenizinin khalyqaralyq-quyqytyq martabesin ayqyndau mysalynda [On the issue of defining the international legal status of the Caspian Sea]. In: *Nauchno-prakticheskaya konferentsiya. Sbornik nauchnykh trudov*. Aqtobe: Zhuban Aqtobe Regional State University, Vol. 1, pp. 246–251. (In Kazakh)
17. Mamedov R.F. (2006) *International Legal Status of the Caspian Sea: yesterday, today, tomorrow*. Baku: Azerneshr.
18. Anisimov E. (2021) Skaz pro to, kak tsar Petr Aziyu nedootsenil [The tale of how Tsar Peter underestimated Asia]. *Fergana.site*. Retrieved May 11, 2021, from <https://fergana.site/articles/112790/> (In Russian)
19. Petr Pervyy stal akademikom eshche do osnovaniya Akademii nauk v Rossii [Peter the First became an academician even before the founding of the Academy of Sciences in Russia]. *Rodina*, 2018, No. 1 (118). Retrieved from <https://rg.ru/2018/01/17/rodina-petr1.html> (In Russian)

ПЕРВЫЕ ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О КАСПИЙСКОМ МОРЕ И ИСТОРИЯ ПОЯВЛЕНИЯ КАРТ МОРЯ (на основе экспедиций, организованных Петром I)

Байшов Б.Б.

Военный институт Сил воздушной обороны имени Т.Я.Бегельдинова, Актобе, Казахстан
e-mail: dil_123@mail.ru

Аннотация: в статье представлен краткий историографический обзор историко-географических сведений о названиях Каспийского моря, а также проанализированы причины изменения названия моря на различных этапах истории. Рассмотрены отдельные историко-географические источники, исследования, картографические материалы и сведения античного периода, средневековья и нового времени, связанные с названием моря. Несмотря на то, что дискуссии и исторические исследования, посвящённые Каспийскому морю, ведутся со времён древнегреческих логографов, история самого моря и прилегающих к нему территорий не получила полного отражения в трудах античных и средневековых исследователей. В древности Каспийское море, на побережье которого проживали представители различных народов, являлось местом пересечения оседлой и кочевой культур, а в позднем средневековье оказалось на пути мирового торгового транзита, известного как Великий шелковый путь. В новое время соперничество за господство в Каспийском регионе ещё более усилилось, вследствие чего море фактически превратилось в географический объект доминирования Российской империи, а позднее – Советского Союза. Однако после распада СССР в конце XX века море, обладающее выгодным географическим положением и богатыми природными ресурсами, вновь стало одним из важных объектов международного внимания. В связи с этим в статье особое внимание уделено истории и значению экспедиций Петра I, положивших начало научному изучению Каспийского моря.

Ключевые слова: карта Каспия, Каспийское море, Петр I, Узбой, А.Бекович-Черкасский.

**FIRST HISTORICAL AND GEOGRAPHICAL SOURCES ON THE CASPIAN SEA AND
THE HISTORY OF THE EMERGENCE OF SEA MAPS
(based on the expeditions organized by Peter I)**

B. Baishov

T.Ya. Begeldinov Military Institute of the Air Defense Forces, Aktobe, Kazakhstan
e-mail: dil_123@mail.ru

Abstract: The article presents a brief historiographical review of historical and geographical information related to the names of the Caspian Sea and analyzes the reasons for the transformation of the sea's name at different stages of history. Particular attention is given to selected historical and geographical sources, scholarly studies, cartographic materials, and information from antiquity, the medieval period, and modern times associated with the Caspian Sea. Although discussions and historical investigations concerning the Caspian Sea have continued since the time of the ancient Greek logographers, the history of the sea and the surrounding regions was not comprehensively reflected in the works of ancient and medieval scholars. In antiquity, the Caspian Sea, inhabited along its shores by representatives of various peoples, served as a contact zone between sedentary and nomadic cultures, while in the late medieval period it became part of the global trade transit route later known as the Great Silk Road. In the modern era, competition for dominance in the Caspian region intensified significantly, and the sea effectively became a geographical object of domination by the Russian Empire and later by the Soviet Union. However, after the collapse of the USSR at the end of the twentieth century, the Caspian Sea, distinguished by its advantageous geographical position and rich natural resources, once again emerged as one of the important subjects of international interest. In this regard, the article focuses on the history and significance of the expeditions of Peter I, which laid the foundation for the scientific exploration of the Caspian Sea.

Keywords: Caspian map, Caspian Sea, Peter I, Uzboy, A. Bekovich-Cherkassky.